

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТУРИЗМГЕ ӘСЕРІ

Бейсенова Жансая Бейсенқызы

Сәрсенбай Самал Азаматқызы

ssarsenbaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, «Туризм»

мамандығының 3-курс студенттері

Ғылыми жетекші –ә.ғ.к. Абдраманова Г.Қ

Транспорт халық шаруашылығының ірі салалардың бірі болып табылады. Оның жұмысында маңызды үлесті жолаушыларды тасымалдау алады. Олардың ішінен жоғарғы орынды туристер алады. Туристерге негізінен саяхаттың созылу уақыты, оның комфорттылығы және бағасы маңызды болып саналады. Көлік түрінің және туристің ауқаттылық деңгейінің, туристік саяхаттың мінезі мен шығу мақсатының алыстауының арасындағы тәуелділік айқын көрінеді. Транспорттық саяхат өзінше жеке туризм түрі ретінде қарастырылады. Транспорттық саяхаттар қазіргі уақытта туризмнің дербес түрі болды[1].

Туристерге көліктік қызмет көрсету туризм өндірісінің құрамдас бөлігінің бірі. 1990 жылға дейін өзіне автокөлік, сулы, теңіздік, теміржолдық және әуе транспортын қосатын және ішінде халықаралық туризмнің қажеттілігін қамтамасыз ететін туризмнің біртұтас транспорттық жүйесі болған. Туристік қызметтер құрылымында көліктік қызмет көрсету үлесі 40% құрады.

Халықаралық туризмде көп жылдар бойы адамдарды су бойынша тасымалдаудың түрлері басым болған. Бірақ уақыт өте келе, авиацияның даму мөлшеріне қарай оның маңыздылығы бірте-бірте қысқарды. Мысалға алсақ, кемемен Солтүстік Атлантика арқылы Франциядан АҚШ-қа баратын саяхат 80 сағат уақытты алады, ал ұшақпен тек қана 8 сағатта ұшып өтесіз. Бірақ Еуропаның батыс жағалаулары, Жерорта теңізі, Кариб теңізі, Азор және Атлантиканың басқа аралдары аймағында теңіз экскурсия-круиздері үлкен маңызға ие болып отыр.

Қазақстанда су көлігін қолданатын туризм әлі дамымаған. Ол гидрографиялық жүйенің нашар болуымен түсіндіріледі. Бірақ Республика адамдарының көпшілігі жыл сайын басқа елдердің теңіз және өзен туристік саяхаттарына қатысады. [2]

Қазақстанда транспорттық туризмнің екі түрі кең таралған. Ол автомобиль және авиациялық туризмдердің түрлері. Халықаралық және ішкі туризмде жеке автомобиль (жеке туристер) және автобустар (экскурсиялар) арқылы тасымалдау маңызды орын алады. Мотоциклдермен, мопедтермен, велосипедтермен саяхаттау қазіргі кезде таралмаған.

Көліктердің ішіндегі темір жол көлігі әртүрлі мемлекеттерді және мемлекеттердің әртүрлі аймақтар арасында байланыстарды орнату үшін айрықша рөл атқарады. Әрбір мемлекеттің экономикасының дұрыс дамуын қамтамасыз етеді және туристер көп қолданатын көлік түрі. Темір жол көлік құралымен әлем бойынша көрсеткішісін саралап төмендегі кестеден көруге болады:



Диаграмма 1- 2014-жылғы көрсеткіштер бойынша ең көп темір жол көлігін қолданған мемлекеттердің көрсеткіші[3].

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, темір жолмен тасымалдаудан алғашқы бестікке кіретін елдермен мысал келтірдік. Үндістан мен Қытайдың алдыңғы қатарларда орналасуы сол елдердегі халық тығыздығына тікелей байланысты. Мысалы Үндістанда жалпы темір жол ұзындығы 144 мың км, пойызбен күніне 23 миллион жолаушы қолданады. Францияға келетін болсақ, оның көлемі Үндістан көлемінен шамамен 5 есе кіші, темір жол ұзындығы 29 мың құрайды.

Туристтік саяхаттарды ұйымдастыруда автокөлік маңызды роль атқарады. Ол негізінен оның мобильділігімен, ақпараттылығымен, арзандылығымен ерекшелінеді. Авто тасымалдаулардың ерекшелігі болып, олардың тек қана туристердің көпшілік тасымалдауы емес, әуе, темір жол, су көліктерін пайдаланылатын жолаушылардың трансфері ретінде қолдануға мүмкіндік табылады.

Әуе көлігі жолдарында статистикалық бақылау нысаны болып, жүк және жолаушы тасымалдауы, пошта, жолжүк, әуе кемелерінің паркі, тасымалдау ісінен түскен табыстар болып табылады. Әуе көлігі арқылы Қазақстан Республикасының азаматтары шет елге немесе өз ел ішінде саяхаттау барысында көп қолданылады. Бұл, тасымалдау түрі уақыт үнемдеуге сәйкес туристтер үшін ыңғайлы. Сұраныстағы қарқынның өсіп отыруына байланысты бұл көлік түрінің көрсеткіштерін әлем бойынша зерттеп қарастырдық.



Диаграмма 2 - 2014-жылғы көрсеткіштер бойынша ең көп әуе көлігін қолданған мемлекеттердің көрсеткіші. [3]

Диаграммада елдердегі темір жол, әуе көлігін қолданушы адамдардың саны көрсетілген. Дәл осы көрсеткіш жылдар бойынша Қазақстандағы жағдайды төмендегі кестелерден көруге болады.

Кесте 1. Жалпы пайдаланудағы темір жол көлігінің жолаушылар айналымы. [4]

	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Қазақстан Республикасы	14,6	14,7	14,7	16,1	16,6	19,3	20,6

Кестеде әр жылдан жылға темір жол көлігімен тасымалданушы адамдардың артқаны байқалады. Әрине, бұл көрсеткіштерді бестікке кіретін елдер көрсеткіштерімен салыстыруға болмайды, алайда қазіргі уақытта елімізде көлік кешендерін қайта жөндеуден өткізу және республикалық көлік-логистикалық жүйені қалыптартау барысында белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Көптеген елдерде көлік статистикасы бойынша елдердің аумақ бойынша таратылмаған қызмет көлемдері қалаптастырады. Осындай «таратылмаған бөлімдер» бастапқыда ғана ақталған, себебі ол статистикалық көрсеткіштердің салыстырмалылығы мен

сапасын едәуір төмендетеді. Аумақтық деректерге Еуростаттың ұсыныстарының қатынасы аудан бойынша барлық деректерді сала статистикасы бойынша таралуын қарастырады. Көлік саласын елімізде дамыту үшін біз басты мәселеге әр облыс, ауданда көлік түрлерінің қай түріне көп сұраным жасалатынына зерттеу жүргізуіміз керек. Мысалы, ШҚО облысын алып қарастыратын болсақ, бұл ауданға келуші туристтердің саны жыл сайын артып отырады. Ең көп қолданылатын көліктің түрі- темір жол, әуе көлігі және автомобиль төменгі көрсеткіш. Жолдың нашарлығына байланысты көбіне туристтер темір жол және әуе көлігін таңдайды.[4] Егер, жол әр туристік орындар немесе қалалардың арасы жөнделген болса қаражат саны да азайады. Облыстар бойынша Қазақстанда туристік мақсатта көлік құралдарды қолдану көрсеткіштері:




Диаграмма 3 - 2011-2013 жылдар аралығындағы облыстар бойынша туристтердің қолданған көлік құралының көрсеткіші[3].

Автобус көлік құралына деген туристердің сұранысының төмен болуы, жол тараптарының дұрыс болмауы. Мысалы, туристік әлеуеті жоғары бірақ даму деңгейі бойынша төмен облыстар, аудандар Қазақстанда өте көп. Оның басты себебі көлік құралдарының адамдарды тасымалдауына жол тараптарының нашарлығы. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданына қарасты Алакөл көлі орналасқан. Жыл сайын емдік қасиеті мол көлге жан-жақтан туристтердің саны артып келуде. Бұл аймақты Ыстықкөл сияқты дамытуға толықтай мүмкіндік бар. Бірақ, бұл жердің ең басты проблемасы-инфрақұрылымының төмендігі. Келген туристердің ең басты наразылығы көлік құралымен қатынаудың қиындығы, көптеген көлік түрлерінің дамымауы. Осындай сұранысқа бай, көл суының қандай да бір таңғажайып жолмен күшті қалпына келтіретінін және денсаулықты бекітетініне тәнті халық келіп дем алуда. Егер, темір жол көлігін осы аймаққа қарай салса, әуе көлігінің қатынасын жасаса, жолдарды жөндетсе туристтердің саны одан әрі өсетінбе еді. Мұндай аймақтардың барлығы да дамымай, төмен көрсеткіштер көрсетуінің барлығы жол мәселесіне кеп тірелетіндігі. Туризм дамуына көптеген қызығушылық тудыратын автомобиль жолдар бар олар: Бішкек- Алматы- Хоргос; Шымкент- Қызылорда- Ақтөбе- Орал- Петропавл; Алматы- Қарағанды- Петропавл- Челябинск; Алматы- Қарағанды- Астана- Қостанай- Челябинск; Омск- Павлодар- Семей- Майқапшағай; Астрахань- Атырау- Ақтау- Бекдаш; Келешекте қоғамдағы экологиялық таза туристік көліктің дамуына көп назар аударылатыны сөзсіз.

Қазақстанның көліктік инфраструктура интеграциясын дүниежүзілік көліктік жүйемен қамтамасыз ету үшін сол қатарға қосылу үшін біршама шаралар іске асырылуы қажет. Жалпы көлік инфрақұрылымдық дамыту көрсеткіштерін қалыптастыру негіз болып табылады, көлік түрлерінің дамуының деңгейі экономиканың даму деңгейіне әсері және көлік саласының табыстылығы. Сондықтан маңызды негіз көлік статистикасының көрсеткіштерінің сапасына бөлінеді, олардың қалыптастырылуы халықаралық стандарттарға сәйкес және халықаралық деңгейде салыстырмалылығын қамтамасыз ету қажет. Көлік

статистикасын қалыптастыру бойынша көрсеткіштер статистикалық әрекеттердің көлік саласындағы әрекеттерін барлық пайданушылар үшін қажетті құжаттарды толығымен алу мақсатында анықтауға мүмкіндік береді.

Елбасының «100 нақты қадам» ұлттық жоспарында жол-көлік инфрақұрылымын қалыптастыру және дамыту жөнінде бірыңғай оператор қалыптастыру үшін стратегиялық инвесторлар тарту жайында айтылған. Сондай-ақ мемлекет басшысы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауында да көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту бағытында нақты тапсырмалар берген болатын. Осы бағыттарды ары қарай дамыту, жаңғырту туризм саласы үшін ең басты мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Справочное руководство по статистике воздушных перевозок. Евростат. Версия 8.
2. Искалиев Е. Развитие транспортно-логистической системы Республики Казахстан // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: www.kazlogistics.kz
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитеті
4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің деректері

ӘОЖ 338.486.5

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТУРИСТІК БИЗНЕСТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Даулеткереева Альфия Саламатовна
Ошакбаева Нурбала Бауыржановна
Krg.10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті Туризм
кафедрасы студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - экономика ғылымдарының магистрі
Шарапаева Бота Жанабекқызы

Туристік бизнес – әлем шаруашылығындағы тез дамитын шаралардың бірі, ал туризм саласындағы бизнесті ұйымдастыру - тікелей тұрақты дамыған компаниялардың көрсететін қызметіне дұрыс есеп жүргізумен тығыз байланысты[1]. Ал, Қазақстандағы туристік бизнестің бүгінгі жағдайы жоғарыда аталған талаптармен сәйкес келмейді. Оған өз кезегінде Қазақстандағы туристік бизнесті тежейтін негізгі келесідей факторларды атап көрсетуге болады:

- 1)Елдегі туризм инфрақұрылым деңгейінің төмен болуы;
- 2)Шетелдіктер үшін жарнаманың жеткіліксіздігі;
- 3)Туристік өнім бағасының сапасына сай келмеуі;
- 4)Шетелдіктер үшін виза және басқа да құжаттарды рәсімдеудегі қиындықтар;
- 5)Білікті мамандардың аздығы.

Туризм саласында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру үлкен еңбекті қажет ететін іс-шара болып табылады. Ол тәжірибеде ұйымдастырушылардан шығармашылық мүмкіндігін және ұйымдастыру барысындағы кез-келген кездескен мәселелер бойынша тәжірибелік тапсырманың стандарттық емес шешімін талап етеді. Туризм көптеген дамыған және дамушы елдер үшін валюталық түсімдерінің кайнар көзі болып табылады. Қазіргі кезде Қазақстан үшін де бұл экономика секторы маңызды мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасында көптеген туризм түрлерін және туристік қызметтің формаларын дамыту үшін ресурстары мен мүмкіншіліктері жетерлік. Шетел тәжірибелері туристік кластерлердің дамуы туристік қызмет көрсету нарығының тиімділігін арттыратынын көрсетіп отыр және сол арқылы олар ұлт жағдайын жақсартып отыр. Осыған орай, ҚР-ның Үкіметі туристік